

снижается качество шкур. В большей степени поражается молодняк сельскохозяйственных животных, среди которого чаще, чем среди взрослых животных, наблюдается гибель.

Трудно диагностировать стронгилятозов во время жизни животного. Эпизоотологические данные, признаки заболевания и гельминтокопрологические исследования недостаточны, а результаты диагностики дегельминтизации незначительны. Реалистичным подходом является диагностика личинок путем выращивания яиц. Также параллельно была изучена экстенсивность и интенсивность инвазии овец.

Общие клинические проявления: расстройства желудочно-кишечного тракта, кровопотеря, гибель скота, депрессия и т. д. Это распространенные симптомы диарейных заболеваний.

RESUME

The article contains the data on seasonal and age dynamics of sheep' strongilyatosis and the results of the performed studies on testing products, used at strongilyatosis. The article describes the results of the treatment of strongylotosis in the sheep farm «Atameken», Tuskalinsky district of the West Kazakhstan region. Among the worms of sheep, the most common is strongylotosis of the digestive tract. *Strongylats*, fertilized in the intestine, are geohelminthins. They are fertilized under the influence of toxic, toxic (toxic), mechanical (splitting), inoculums (pathogenic microbes that enter the intestine outside the body).

It is difficult to diagnose strongylatosis during the life of the animal. Epizootological data, signs of the disease and helminthocoprological studies are insufficient, and the results of the diagnosis of deworming are insignificant. A realistic approach is to diagnose the larvae by growing eggs.

Common clinical manifestations: gastrointestinal disorders, blood loss, death of livestock, depression, etc. These are common symptoms of diarrheal diseases.

ӘОЖ 619:614.484

Танбаева Г.А., ветеринария ғылымдарының кандидаты, аға оқытушысы

Тагаев О.О., ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

Алиханов К.Д., PhD, аға оқытушы

Барахов Б.Б., ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауым дастырылған профессор

¹ А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қаласы, Қазақстан Республикасы

² «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық -техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

³ «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КеАҚ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

ЕТ ӨНДЕУ КӘСПОРЫНДАРЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ДЕЗИНФЕКЦИЯ САПАСЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ САНИТАРИЯЛЫҚ – ГИГИЕНАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Аннотация

Халықаралық ережелерге сәйкес жаңа ветеринариялық препараттар мен дезинфекцияның рационалды технологиялары тиімділігі жоғары, экологиялық қауіпсіз, препараттардың сапасы талап етілетін нормаға сәйкес және барлық компоненттері әр уақытта тұрақты, ал физикалық -химиялық және биокинетикалық көрсеткіштері қолданылған жағдай да өзгеріссіз сақталуы тиіс. Бүгінгі таңда еліміздегі ет өндіру және өңдеу өнеркәсібінің дамуы, бәсекелестікті күшейтіп, өндірілетін ет өнімдерінің сапасына және оның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар жоғарылады. Көптеген ғаламдардың мәліметтері бойынша жылы сайын ет өңдейтін кәсіпорындар санитариялық ережелерді сақтамау салдарынан дайын өнімнің 5 -10% жоғалтады. Сондай-ақ технологиялық қондырғылардың дұрыс жуылып - зарарсыздандырылмауы өнімнің бактериялық ластануына, ал микробпен залалданған өнім өз кезегінде тұтынушының тағамдық улануға ұшырауына әкеп соғады. Сондықтан да сапасы жоғары өнім алу үшін, ең алдымен, өндіріс гигиенасын және санитариясын дұрыс ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар дезинфекцияның тиімді тәсілдерін де дұрыс таңдау керек.

Қазіргі таңда ветеринарияда дезинфекцияның тиімді тәсілі мен препараттары жасалынып кеңінен қолданылады. Алайда, олардың әр қайсысы бірқатар кемшіліктерге ие. Кемшіліктері жоқ, экономикалық шығын келтірмейтін дезинфектант жасап шығару мемлекеттік маңызы бар өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Түйін сөздер: *дезинфекция, патогенді микроорганизмдер, колония түзуші бірлік, куттер, шприцтер аппараты.*

Қазіргі таңда ет және сүт кәсіпорындарында дәстүрлімен қатар жаңа химиялық заттар қолданыла бастады, оларға қойылатын талаптар: жұмысшы ерітіндінің өткір иісі және түсі болмауы керек, олар дайын өнімнің органолептикалық көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін; өз нәтижесін жоғалтпай майды сабындау және эмульгациялау қабілеті, ет пен қан ақуызын гидролиздеу, лизисті және басқа да органикалық заттарды ерітуі; қолданылатын концентрацияда улылығының төмендігі; құрылғыларға коррозиялық әсерінің болмауы, суда жақсы еруі және жоғары ену қабілеті, шайған кезде толықтай жойылуы, санитарлы -көрсеткіш және шартты-патогенді, патогенді микрофлораға қатысты тез әрі тиімді әсер етуі; микроорганизмдерде резистенттілігінің болмауы, препараттардың қолжетімді бағада болуы [1].

Халықаралық ережелерге сәйкес жаңа ветеринариялық препараттар мен дезинфекцияның рационалды технологиялары тиімділігі жоғары, экологиялық қауіпсіз, препараттардың сапасы талап етілетін нормаға сәйкес және барлық компоненттері әр уақытта тұрақты, ал физикалық -химиялық және биокинетикалық көрсеткіштері қолданылған жағдайда өзгеріссіз сақталуы тиіс [2].

Ет өндіру кәсіпорнында дезинфекция – ветеринариялық-санитариялық маңызды шаралардың бірі болып саналады. Жоғары сапалы ет өнімін шығару үшін ет кәсіпорнындағы барлық нысандардың дұрыс және дер кезінде ветеринариялық -санитариялық өңделуі маңызды болып табылады, ол өндірістің технологиялық үрдісінің ажырамас бөлігі. Қазіргі таңда ветеринарияда дезинфекцияның тиімді тәсілі мен препараттары жасалынып кеңінен қолданылады. Алайда, олардың әр қайсысы бірқатар кемшіліктерге ие. Дезинфекцияның ылғалды әдісінде өңделетін беткейді жуып -шайғанда дезинфекциялық заттар және су көп кетеді, үрдіс қиындығы, беткейдің және түрлі заттардың ылғалданбауы, т.б. Аэрозольді дезинфекция кезінде ауа тиімді зарарсызданады ал басқа беткейлерге нәтижесі болмайды, бұл тәсілмен дезинфекциялағанда бөлмені толықтай герметизациялау керек, ал ол тәжірибелік жағдайда қиын. Осы және басқа да объективті себептер дезинфекцияның басқа тиімді тәсілін, әр түрлі формасын іздеуді қажет етеді. Кемшіліктері жоқ, экономикалық шығын келтірмейтін дезинфектант жасап шығару мемлекеттік маңызы бар өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Дезинфекциялық заттарға (беткейлік белсенді заттар) қойылатын негізгі талаптар жоғары зарарсыздандыру тиімділігі, өңдеу өнімділігі, құнының төмендігі және адам мен жануарларға уыттылығының болмауы [3].

Дезинфекцияның тиімді тәсілдері жасалған және қолданылып келеді. Осы және басқа да объективті себептер дезинфекцияның басқа тиімді тәсілін, заттарын, формасын іздеуді қажет етеді. Кемшіліктері жоқ, экономикалық шығын келтірмейтін дезинфектант жасап шығару мемлекеттік маңызы бар өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Мұндай талаптарға ветеринариялық қадағалау нысандары үшін бактерицидті көбіктер сай келеді [4].

Бактерицидті көбіктер дегеніміз дезинфектанттардың препаративті формасы, оны дезинфекциялаушы заттан көбікгенераторынан алады, құрамында биологиялық жұмсақ беткейлік белсенді зат-көбіктүзгіш бар.

Дезинфекцияның белгілі тәсілдермен салыстырғанда (ылғалды және аэрозольді) бактерицидті көбікті пайдалану кезінде көбік дезинфекциялық заттың өңделетін әсіресе күрделі конфигурацияға ие (торлы, кедір-бұдыр), сондай-ақ төбе, көлденең беткеймен жанасу уақыты ұзаққа созылады.

Бактерицидті көбіктердің дезинфекция мақсатында қолдану технологиясы, бактерицидті белсенділігі, физикалық-химиялық қасиеттерін зертеу жөнінде жұмыстар жүргізілді. Зертханада жасалған дезинфекция жөніндегі үлкен ғылыми және тәжірибелік жұмыс олардың жоғары тиімділігін көрсетті. Зерттеу нәтижесінде ет өңдеу орындарын санитариялық өңдеуде көбікті дезинфекцияның тиімділігі жоғары екені дәлелденді [5].

Ет шығаратын өнеркәсіпте /шұжық, ет консервілерін, жартылай фабрикаттар және т.б./ жоғарғы санитариялық жағдайдың жүйелі түрде сақталуын талап етеді. Санитарлық - гигиеналық талаптардың бұзылуы тамақ өнеркәсібінде тағамның жарамдылық мерзімі азайып, ал кейбір жағдайда осы өнімдерді тағам ретінде қолданатын адамдарда ауру туғызуы мүмкін. Осы орайда ет өңдеу орындарындағы технологиялық құрал-жабдықтарды санитариялық өңдеудің тиімді тәсілдерін қарастыру және өндіріс гигиенасын жоғарылату өзекті мәселе болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Осы мәселелерді негізге ала отырып, «Бижан» шұжық цехының құрал жабдықтарын санитариялық өңдеуде, өндірісте күнделікті қолданып жүрген Йодез препараты арқылы ылғалды тәсілмен көбік түзгіш заттардың негізінде құрастырылған Йодез+ТАЭС-К препараты арқылы көбікті тәсілді салыстыра отырып жүргіздік. Оның нәтижесі төмендегі кестелерде берілген.


Зерттеу нәтижелері. Зерттеу жұмыстарының негізгі бөлігі лабораториялық жағдайда Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының зертханасында және Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Дулатов көшесіндегі «Бижан» шұжық өндіру цехі жағдайында өткізілді.

Зертхана жағдайда дезинфекцияның сапасын бағалау жұмысы жүргізілді. Дезинфекция сапасын бақылау үшін көбікті дезинфекцияда қолданылатын препараттарды салыстыру керек болды. Дезинфекцияға дейін және дезинфекциядан кейін әр түрлі беткейлерден жұғынды алынып, жұғындыны сұйылтып, қоректік ортаға ектік. Өскен микробтар санын лупа көмегімен санадық, олардың айырмашылығын анықтау арқылы дезинфекция сапасын бағаладық. Зерттеу нәтижелері 1-ші кестеде келтірілген.

1 кесте – 3%-ды «Йодез»+ТЭАС-К және Йодез препараттарымен санитариялық өңдеудің салыстырмалы тиімділігі

Сынама алынған беткей түрі	Дезинф. дейін микроорганизмдер саны, 1см ² /мың КТБ	Йодез + ТЭАС-К		Йодез препараты	
		Дезинф. кейін микроорганизмдер саны, 1см ² /мың КТБ	Микроорганизмдердің жойылуы, %	Дезинф. кейін микроорганизмдер саны, 1см ² /мың КТБ	Микроорганизмдердің жойылуы, %
Етті қабылдауға және тексеруге арналған стол	5,5	1,0	81,8	1,1	80,0
Сүйектен етті ажырату столы	5,4	0,35	93,5	0,8	85,1
Кутгер	4,7	0,4	91,4	0,6	87,2
Шприцтеу аппараты	2,8	0,05	98,2	0	100
Қалыпқа келтіру аппараты	3,1	0,1	96,7	0,2	93,5
Шұжықтарды байлау столы	5,4	0,4	92,4	0,7	87,0
Тасымалдау арбалары	5,1	1,0	80,3	1,3	74,5

1-ші кестеден көріп отырғанымыздай зерттеу нәтижесі бойынша, технологиялық жабдықтардың микробпен ластанған аумағының санитариялық жағдайы көбік тұзгіш заттар қосылған «Йодез»+ТЭАС-К препаратымен өндегеннен кейінгі дезинфекцияның тиімділігі етті қабылдауға және тексеруге арналған столда 81,8 % ет майдалағыш куттерде 91,4 % -ды көрсетіп отыр. Ал Йодез препаратының әсерінен кейін дезинфекция тиімділігі етті қабылдауға және тексеруге арналған столда 80%, ет майдалағыш куттерде 87,2 %-ды құрады. Йодез»+ТЭАС-К және Йодез препараттарымен санитариялық өндеуден кейінгі салыстырмалы бағасын 1-ші суреттен көруімізге болады.



1 сурет – «Йодез»+ТЭАС-К және Йодез препараттарымен санитариялық өндеуден кейінгі салыстырмалы бағасы

Алынған нәтижелерді талдау. Зерттеу нәтижесі бойынша, шұжық өндіру цехындағы технологиялық жабдықтарды санитариялық өндеу тиімділігі жағынан «Йодез»+ТЭАС-К препараты Йодез препаратымен салыстырғанда екі пайызға артқан.

Қорытынды. Қорытындылап айтсақ екі препараттардың көрсеткіштерін салыстыра келе, көбікті дезинфекцияда қолданылатын препараттың бактерицидтігі жоғары екендігі анықталды

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Вашков В.И., Скворцова Е.К. Дезинфицирующие моющие средства, перспективные для применения на предприятиях пищевой промышленности.// Проблемы дезинфекции и стерилизации. Тр. ВНИИДиС. - М., 2003. – С. 107-111.
2. Вилькович В.А. Дезинфекционное дело. М., 1987. – 158 с.
3. Методика для оценки качества пенообразователя в лабораторных условиях. - М., ВНИПО, 1970. – 45 с.
4. Попов Н.И., Волковский Г.Д., Мичко С.А., Удавлиев Д.И. Результаты испытание препарата ПВК.// Ветеринария. – 2001. - №5. – С. 10
5. Ярных В.С., Симецкий М.А., Попов Н.И. Бактерицидные пены для дезинфекции // Ветеринария. – 1986. - №1. – С.10.

РЕЗЮМЕ

В соответствии с международными правилами, новые ветеринарные препараты и рациональные технологии дезинфекции должны быть эффективны, экологически безопасными, все компоненты всегда стабильными, а при применении физико-химических и биокинетических показателей должны оставаться без изменений. На сегодняшний день развитие мясоперерабатывающей и перерабатывающей промышленности страны усиливает конкуренцию и улучшает качество мясных продуктов и их безопасность. По данным многих ученых ежегодно в стране мясоперерабатывающие предприятия теряют 5-10% готовой продукции из-за несоблюдения санитарных правил. Также неправильная мойка и дезинфекция технологических установок приводит к бактериальному загрязнению продукции, а продукты, обсемененные микробами в свою очередь, приводят к пищевому отравлению потребителей. Поэтому для получения высококачественной продукции, прежде всего, необходимо правильно организовать гигиену и санитарию перерабатывающего производства. Также необходимо правильно подобрать максимально эффективные способы дезинфекции.

В настоящее время в ветеринарии широко используются эффективные методы и препараты дезинфекции. Однако каждый из них имеет ряд недостатков. Разработка дезинфицирующего средства без каких-либо недостатков и отсутствие экономических потерь является в настоящее время актуальным научным вопросом государственного значения.

RESUME

In accordance with international rules, new veterinary drugs and rational disinfection technologies must be effective, environmentally friendly, all components are always stable, and when using physicochemical and biokinetic indicators, they should remain unchanged. Today, the development of the meat processing and processing industry in the country increases competition and improves the quality of meat products and their safety. According to many scientists every year in the country meat processing enterprises lose 5-10% of finished products due to non-compliance with sanitary rules. Also, improper washing and disinfection of technological installations leads to bacterial contamination of products, and products contaminated with microbes in turn, lead to food poisoning of consumers. Therefore, to obtain high-quality products, first of all, it is necessary to properly organize the hygiene and sanitation of the processing industry. It is also necessary to choose the most effective methods of disinfection.

Currently, effective methods and disinfection preparations are widely used in veterinary medicine. However, each of them has several disadvantages. The development of a disinfectant without any flaws and the absence of economic losses is currently a pressing scientific issue of national importance.